

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ БОЙЫНША ІСТІ ҚОСЫМША ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУ ҮШІН ҚАЙТАРУ



Э. Е. МУСЕНОВА,
КАЗГПУ Университеті,
қылмыстық жүргізу құқығы
және криминалистика
кафедрасының доценті, з.ғ.к.

Мақала қосымша тергеудің қылмыстық-процессуалдық институтының ұғымын, тұжырымдамасын, құрылымын, маңыздылығын зерттеуге, оны заңнамалық реттеуде көптеген өзгерістерге байланысты талқылауға, Қазақстан Республикасының ҚПК нормаларын басқа елдердің қылмыстық процессуалдық кодекстерімен салыстырмалы-құқықтық талдауға, сондай-ақ осы институттың нормаларын іске асырудың сот практикасына арналады, оның негізінде автор прокурордың қосымша тергеуі үшін істі қайтару негіздерін кеңейтуді және соттың процессуалдық белсенділігін ұлғайтуды ұсынады.

Түйінді сөздер: сотқа дейінгі тергеу, істі қайтару, қылмыстық іс, қосымша тергеу, прокурор, басты сот талқылауын тағайындау, басты сот талқылауы, соттың белсенділігі.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау қылмыстық процестің міндеттері болып табылады.¹ Әрине аталған міндеттерді жүзеге асыру қылмыстық процесті жүргізуші органға жүктелгені белгілі, олар сот, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы. Яғни істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті. Егер әрбір қылмыстық іс бойынша аталған міндеттер орындалмаса, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жіберілген қателіктерді қалпына келтіру және толықтыру қажеттілігі туындап, істі қосымша тергеуге жіберуге мәжбүрлік туындайтыны сөзсіз.

Қылмыстық іс жүргізу ғылымында істі қосымша тергеуге жіберу бүгінгі таңға дейін күрделі мәселелердің бірі. Г.Насыров «қосымша тергеуге жіберу институтын заңнан алып тастамай, ешқашан қудалау органдарының жұмысын жетілдіре алмаймыз, ал сотталушының кінәсін растайтын не жоққа шығаратын қосымша

© Э. Е. Мусенова, 2017

¹Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 ж. 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2016 ж. 4 қыркүйектегі № 501-V Заңдарымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар). URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (03.03.2017).

дәлелдемелер жинау үшін сот өз бастамасымен істі қайтаруы, ол бейтараптылыққа, әділ шешіміне кері әсерін тигізеді» деп таныды,² мұндай пікірді қолдай отырып, Х.Кушкалиев «хирург бір жасаған отасының қателігін қайта қалпына келтіру үшін екінші рет мүмкіндік ала алмайды, сондықтан тергеуші мен анықтаушыға өз қателігін қалпына келтіру үшін қайта мүмкіндік беруге қажеттілік жоқ» деп көрсетті.³ Ал кей авторлар керісінше, қосымша тергеуге жіберу институтының маңыздылығын да жоққа шығармады, Н.Джолдасбаева «қайта тергеуге жіберу институтының кемшіліктері жоқ емес, десе де қателесу адамдарға тән қасиет екенін де ескеру керек» деп таныды.⁴ Л.В.Головко Ресей заңшығарушылары қосымша тергеуден оның механизмін реттемей толық бас тартып, соның нәтижесіне мәселе екі есеге ұлғайған еді, ал бүгінгі таңда қосымша тергеу институты заңмен қайта реттеліп отыр деп атап өтті.⁵ Әрине істі қосымша тергеуге жіберу институтын заңнан алып тастағанмен, бұл мәселе түбегейлі шешілді деп айту орынсыз. Сондықтан аталған институттың мәселелерін тереңірек зерттеп, қылмыстық процесті жүргізуші органдар үшін ортақ шешімдер қарастыру орынды деген пікірдеміз. Себебі 2014 жылғы 4 шілдеде қабылданған қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес (бұдан әрі ҚР ҚПК), сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында прокурордың (ҚР ҚПК 193-бап 1-бөлігі), сотта істі қарау сатысында соттың қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтаруға (ҚР ҚПК 302-бап) өкілеттілігі бар, тіпті апелляциялық сатыға да істі қайтаруға мүмкіндік беріліп отыр (ҚР ҚПК 431-бап 1-бөлігі). Қылмыстық-процестік кодексі істі қосымша тергеуге жіберуді қарастырғанмен, істі қайтарудың нақты негіздерін назардан тыс қалдырғандай. Істі қосымша тергеуге негізсіз жіберілген жағдайларына байланысты тәжірибеде де мәселелер туындауда. Оның үстіне «Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтаруы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 19 нормативтік қаулысыда күшін жойған.⁶

Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық істі қосымша тергеу үшін жіберуге өкілетті. Яғни қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, аяқталған іс материалдары (оның ішінде айыптау актісі) прокурор арқылы сотқа жіберіледі. Ал сотта аталған дәлелдемелер істі қараудың негізгі құралы болып табылатындықтан, қылмыстық іс материалдарын

²Институт доследования как наследие репрессивного судопроизводства порочит правосудие. Выступление Насырова Г. URL: www.library.ru/help/docs/n30593/12.doc (20.02.2017).

³Институт доследования как наследие репрессивного судопроизводства порочит правосудие. Выступление Кушкалиева Х. URL: www.library.ru/help/docs/n30593/12.doc (20.02.2017).

⁴Институт доследования как наследие репрессивного судопроизводства порочит правосудие. Выступление Джолдасбаевой Н. URL: www.library.ru/help/docs/n30593/12.doc (20.02.2017).

⁵Головко Л.В. Отказ от возвращения уголовного дела на дополнительное расследование // Материалы международно-практической конференции «вопросы совершенствования уголовного законодательства в рамках разработки нового уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан». Алматы. 21 сентября 2012. С. 5-10.

⁶«Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтаруы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 19 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 4 нормативтік қаулысымен. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (03.03.2017).

зерделеу нәтижелері бойынша прокурор мынадай әрекеттердің бірін жүргізеді: айыптау актісін бекітеді; жаңа айыптау актісін жасайды; сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізу үшін жібереді және тағы басқа(ҚР ҚПК 193, 302-баптар).

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысына қажетті мерзімде қадағалау жүргізген прокурордың қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберуін түсіну қиын, егер тергеудің заңдылығы қажетті деңгейде қадағаланса, онда істі қосымша тергеуге ешқандай қажеттілік болмас еді деген пікірлерде бар. Бүгінгі таңда тәжірибеде қосымша тергеуге прокурормен жіберіліп жатқан қылмыстық істері де жоқ емес, мысалы 2016 жылдың 12 айында республика бойынша қосымша тергеуге жіберілген қылмыстық істердің саны 1202,⁷ сол себепті тек тергеу мен анықтауды емес, прокурорлық қадағалауды да күшейту артық болмас. Себебі сотқа дейінгі тергеп-тексеруде заң бұзушылыққа жол берілгендігін дер кезінде жоққа шығару, ол заңдылықтың бірден-бір кепілі.

Сот отырысында, яғни басты сот талқылауын тағайындау, басты сот талқылауы және апелляциялық сатыларында істі қосымша тергеу үшін қайтару мәселесі де күрделі. Кезінде профессор М. Қоғамов, сот отырысында емес, тек басты сот талқылауын тағайындау сатысында ғана істі қосымша тергеуге жіберу керек, себебі ол әрбір органға жүктелген міндеттерін орындауға және тергеушілер мен прокурорлардың кәсібилігін күшейтуге бағытталып, сот әділдігінің мәніне және сот отырысындағы тараптардың теңдігіне кері әсерін тигізбеумен байланысты деп түсіндірді.⁸ Заң шығарушы мұндай пікірді қолдағандай, өйткені бүгінгі таңда істі қосымша тергеуге жіберу басымдылығы басты сот талқылауын тағайындау сатысында.

Басты сот талқылауын тағайындау сатысында, егер істі қосымша тергеуге жіберу қажет болса, онда судья алдын ала тыңдау жүргізіп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық-процестік заңнаманың елеулі түрде бұзушылықтарының анықталғаны туралы шешімін баяндайды(ҚР ҚПК 321-бабы). Судья А. Бекталиева, егер алдын ала тыңдау нәтижесінде, айыптау актісінде айыпталушының аты-жөні болмаса, істі сотқа беру қаулысы болмаса, айыптау актісін тергеуші қол қойып, қуландырмаса не прокурор оны бекітпесе, тергелу реті бұзылса(және тағы басқалар), онда қылмыстық-процестік заңнаманың елеулі бұзылуы деп танып, істі прокурорға қайтаруға негіз бола алады деп көрсеткен.⁹ Тәжірибе материалдарыда айыптау актісінің заң нормаларына сәйкес жасалмауы, айыптау актісінде көрсетілген мән-жайлардың тағылған айыпқасәйкес келмеуі басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіргенін куәландырып отыр. Демек, күшін жойған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 19 нормативтік қаулысында көрсетілгендей, прокурор айыптау актісіне өз келісімін білдірмесе; ай-

⁷Статистические отчеты /service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat (06.03.2017).

⁸Когамов М.Ч. Реформирование правоохранительных органов и правосудия по уголовным делам (фрагментарный анализ ретроспективы и перспективы развития в период 1991-2008 гг.). URL: www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/113-2009.pdf (20.02.2017).

⁹Бекталиева А. Возвращение уголовных дел прокурору URL: https://www.zakon.kz/4795430-vozvrashhenie-ugolovnykh-del-prokuroru (20.02.2017).

ыпкерлер сотқа берілмесе; айыпкерлер ретінде жауапқа тартылған және өздеріне қатысты айыптау актісі әзірленген адамдардың кейбіреуін сотқа беру туралы қаулыда көрсетілмесе немесе сотқа берілмеген адамдарға қатысты қылмыстық істерді қысқарту туралы қаулы болмаса; сот жоя алмайтын басқа да жағдайлар басты сот талқылауын тағайындауға кедергі болуы мүмкін деген негіздерімен ұштасып отыр, ал бүгінгі таңда мұны реттеген құқықтық акт жоқ десек қателеспейміз.

Егер алдын ала тыңдау барысында прокурор айыптауды өзгертіп, ол соттылықтың өзгеруіне әкеп соқса, онда судья істі айыптау актісін қайта жасау және істі соттылығы бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады, ал жаңа айыптау актісін жасау үшін немесе қылмыстық істі біріктірген кезде де прокурорға жаңа айыптау актісін жасау үшін уақыт бередіекен (ҚР ҚПК 340-бап 4-бөлігі). Біздің пікірімізше жаңа айыптау актісін жасау не қылмыстық істерді біріктіру үшін қандайда қосымша тергеу әрекеттерін жүргізуді талап етуі әбден мүмкін, алайда басты сот талқылауын тағайындау сатысында істі тергеуге жіберу мүмкіндігі бола тұра, сот отырысына үзіліс жариялауын түсіну қиын.

Беларусь қылмыстық-процестік кодексіне сүйенсек, егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізушіге (анықтаушы, тергеуші, прокурор) қарсылық білдіруге негіздер бола тұра, не қарсылық білдіре тұра оны істен шеттетпеген жағдайда; іс материалдарында қажетті қаулылардың болмауы; айып тағу барысында қорғаушы қамтамасыз етілмеген жағдайда; айыптау актісінде қылмыстық заңның бабы, бөлігі, тармағы көрсетілмесе істі қосымша тергеуге жіберуге негіз ретінде танылады.¹⁰ Мойындау керек, егер сот отырысында процесті жүргізуші органға қарсылық білдіруге негіздер бола тұра, оны істен шеттетпеген жағдайда істің объективті зерттелу қағидасының бұзылуына орай, істі қосымша емес, қайта тергеуге жіберу негіздерін де заңмен реттеу орынды.

Басты сот талқылауы сатысында істі қайтару, біз ойлағаннан да әлдеқайда күрделі, себебі сот отырысында қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу мүмкіндігі жоқтың қасы, тек мына жағдайларда ғана іс прокурор арқылы қайтарылуы мүмкін: 1) сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу істері бойынша қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталған кезде; 2) жасалған процестік келісімдері бар істер бойынша қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтар анықталған кезде. ҚР ҚПК 190-бабына сәйкес (жеделдетілген іс жүргізу) айыптау актісі жасалып, сотқа келіп түскен қылмыстық істердің, прокурорға қосымша тергеу үшін қайтарылып жатқан жағдайлары да аз емес, себебі сотталушының сот отырысында өз кінәсін мойындамауы, қосымша мән-жайлар анықталып, сотталушыға аса ауыр айып тағу қажеттілігі туындаса, істі қосымша тергеуге жіберуге толық негіз болып табылады, өйткені ҚР ҚПК 190-бабына сәйкес, аса ауыр қылмыстар не өз кінәсін мойындамаған жағдайда жеделдетілген тәртіппен сот отырысын жүргізуге мүмкіндік жоқ. Статистикалық мәліметке сәйкес, 2016 жылдың 12 айында жеделдетілген тәртіп бойынша 6567

¹⁰Уголовно-процессуальный кодекс Республики Беларусь. URL: <http://pravo.kulichki.com/vip/upk/> (03.03.2017).

¹¹Статистические отчеты. URL: <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat> (06.03.2017).

қылмыстық іс қосымша тергеу үшін қайтарылған.¹¹ Сондай-ақ ҚР ҚПК 613-616, 625 баптарына сәйкес жасалған процестік келісімдер бойынша да сот отырысы жүргізіліп, онда да елеулі қайшылықтар орын алса, істі қосымша тергеуге жіберу негіздері заңмен қарастырылған. Ал басқа негіздер бойынша істі қосымша тергеуге жіберуге заң тиым салып отыр. ҚР ҚПК 340-бабының 5-бөлігіне сәйкес, егер басты сот талқылауы барысында сотталушыға неғұрлым ауыр немесе бастапқыдан ерекшеленетін айып тағу қажеттілігі туындаса, сот істі қарауды кейінге қалдырып, прокурорға жаңа айыптау актісін жасау үшін уақыт береді, ал берілетін уақыт шеңбері де заңмен реттелмеген. Айта кету керек, сот отырысында анықталған мән-жайлар бойынша неғұрлым ауыр айып тағу үшін қосымша тергеу әрекеттерін жүргізуді талап етуі әбден мүмкін. Сондай-ақ сот талқылауы барысында қаралып отырған істі басқа қылмыстық іспен біріктіру, басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту қажеттігі туындаса, сот істі қарауда үзіліс жасайды және алдын ала тыңдауды өткізеді. Көріп отырғанымыздай сот отырысын үзіп, істі алдын ала тыңдау үшін қайта жіберу, тіпті ақылға қонымсыз шешім. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бап4-бөлігі 2)тармағы, 385-бап 2-бөлігі (бұдан әріҚР ҚК)бойынша сотталушылар Д. және К.-ға қатысты қылмыстық іс сот отырысында қаралып, мына мән-жайлар анықталған: аталған іс бойынша сот отырысындаайыптау актісінің мазмұнынасәйкес әрбір сотталушының әрекеттері, олардың пиғылдарын жүзеге асырудағы рольдері жеке-жеке сипатталмаған. Қудалау органымен жәбірленуші ретінде танылған С.-тен сот отырысында жауап алғанда «Mercedes Benz G 55» мемлекеттік номері Z 089 BСN автокөліктің басқа адамға, яғни Ж.-ға тиесілі екені анықталып, оның бұл істе қалай жәбірленуші ретінде танылғанын да түсіндіре алмаған. Ал сотталушы К.-дан жауап алу барысында Ауди А8 және«Mercedes Benz G 55»эпизодты істер бойынша сотталушы Д.-ның қатыстылығын да жоққа шығарған. Сот отырысында Д.-ға бастапқыдан ерекшеленетін басқа да мән-жайлар анықталып, айып тағуды өзгерту қажеттілігі туындауына байланысты, оныңқорғаушысы ҚР ҚПК 323-бабына сәйкес прокурор арқылы істі қайтару үшін,алдын ала тыңдау жүргізуге өтінішхат білдірген. Сонда мемлекеттік айыптаушы ҚР ҚПК 340-бабының 3-бөлігіне сәйкес, тек айыптаушы тараптың өтінішхатыменғана істі қайтара алатындығын алға тартып, алдын ала тыңдау өткізуге өз қарсылығын білдіргендіктен,сот үзіліс жариялау туралы шешім қабылдаған.¹² Біздің пікірімізше егер, сот отырысындамұндай жағдайлар орын алатын болса, біріншіден алдын ала тыңдау емес, қосымша тергеу үшін бірден прокурорға жолдау орынды, себебі істің мән-жайын толық, жан-жақты зерттеуге алдын ала тыңдауға қарағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында мүмкіндік толығырақ. Оның үстіне алдын ала тыңдау арқылы істі қайта тергеуге жіберу ол уақытты жоғалтқанмен тең(ҚР ҚПК 321,323 баптар). Екіншіден, істі тек айыптаушы тараптың өтінішхатымен қосымша тергеуге жіберу, ол қорғау тарабының өкілеттігін шектеп,тараптардың теңдік қағидасының мәнінжоғалтқандай.

Мысалы Қырғызстан қылмыстық-процестік заңына сәйкес, сот отырысында тағылған айыпты елеулі түрде өзгертсе, басқа қатысушылардың қатыстылығы анықталса, тергеу барысында жіберілген қателіктердің орнын толтыру қажеттілігі

¹²Астана қаласы Сарыарқа ауданының № 2 аудандық соты мұрағатының қылмыстық істері.

болса сот тараптардың өтініші бойынша шешім қабылдайды. Ал соттың өз бастамасымен, егер алдын ала тергеуде жіберілген қателіктердің орнын сот тергеуінде толтыруға мүмкіндік болмаса жібереді.¹³ Көршілес елдердің тек басты сот талқылауын тағайындау сатысында ғана емес, сот отырысында да істі қосымша тергеуге жіберу мүмкіндіктері көңілге қонымды.

Сонымен қатар ҚР ҚПК 323-бабы қандай негіздер бойынша және кімнің бастамасымен істі қосымша тергеуге жіберу жағдайларын тіпті қарастырмаған. Профессор М. Қоғамов сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін жағдайда сот өз бастамасымен не тараптардың өтінішімен істі жіберу мүмкіндігін шектемеу керек, бірақ істе бар дәлелдемелерге баға бермеуі тиіс деген пікір білдірді.¹⁴ Алайда тәжірибе материалдары бойынша тараптардың өтініші не сот өз бастамасымен істі қосымша тергеуге жіберуге негіз болатынын өз шешімдерінде көрсеткен. Тіпті ҚР ҚПК 24-бабы соттың өз бастамасымен дәлелдемелер жинау құқығын шектегендіктен бұл мәселенің туындауы да заңды. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін қосымша тергеуге жіберу механизмін заңмен реттеу орынды.

Мысалы РФ ҚПК сүйенсек, егер айыптау актісі заң талаптарын бұза отырып жасалса, айыптау актісінің көшірмесі айыпталушыға заңда көзделген тәртіпте және мерзімде берілмесе, сотқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін берілген іс бойынша айыптау актісін жасау қажеттілігі туындаса, қылмыстық істі біріктіру негіздері болса сот өз бастамасымен не тараптардың өтініші бойынша қайтара алатынын орынды қарастырған (РФ ҚПК 237 бап).¹⁵

Біздің пікірімізше сот отырысында соттың өкілеттігіне шектеу қою орынсыз, істі қайта тергеуге жіберу мәселесін тек басты сот талқылауын тағайындау сатысында емес, сот отырысы сатысында да нақтылау қажет, себебі кез-келген іс бойынша ақиқатты тану, қылмыстық процестің басты мақсаты. Сондықтан ҚР ҚПК 323-бабын мына мазмұнда толықтыру орынды «Басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін не басты сотталқылауында қылмыстық-процестік заңнаманың елеулі түрде бұзушылықтары анықталған кезде, оларды жою үшін сот өз бастамасымен не тараптардың өтініші бойынша істі прокурорға қайтарады».¹⁶

Сондай-ақ, апелляциялық сатыда қабылдайтын шешімдердің бірі, ол үкімнің күшін жойып, істі ҚР ҚПК 323-бабына сәйкес прокурорға жіберуі (ҚР ҚПК 431-бап 1-бөлігі). Біздің пікірімізше апелляциялық сатыда істі қосымша тергеуге жіберу мүмкіндігі болса, онда бірінші сатыдағы соттың да мұндай өкілеттігіне шек қойылмауы керек.

Әрине соттың дәлелдемелер жинаудағы белсенділігі, ол не айыптауды не қорғауды қолдаумен байланысты емес, керісінше іс бойынша шындыққа қол жеткізумен

¹³Уголовно-процессуальный кодекс Кыргызской Республики. URL: <http://finpol.gov.kg/ru/orders/criminal-procedure-code> (03.03.2017).

¹⁴Қоғамов М.Ч. Указ. соч.

¹⁵Калиновский К.Б., Смирнов А.В. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации Постатейный / Под общ. ред. А.В. Смирнова. 2-е изд., доп. и перераб. СПб. Питер. 2004. – 848 с.

¹⁶Мусенова Э.Е. Сот тергеуінде қылмыстық істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу // Право и государство. № 3 (72). 2016. С. 107-111.

байланысты. Қылмыстық іс бойынша шындықты тану ол қылмыстық процестің мақсаты ретінде танылуы тиіс деген профессор К.В.Кимнің пікірі даусыз, себебі ол айыптау, қорғау, істің мәні бойынша шешімін жүзеге асыру субъектілерінің дәлелдеудегі бағытын нақтылаған болар еді деп түсіндірді.¹⁷

Қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу, біріншіден әділдікке жетуге, ол үшін жағдай жасауға, екіншіден, адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, материалдық және іс жүргізу нормаларының елеулі бұзушылықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік туғыза отырып, ақиқатты танудың қосымша кепілі бола алады деп сенеміз. Оның үстіне Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілгендей, қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған негізін қалаушы қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала бермек,¹⁸ сол себепті аталған ұсыныстар қылмыстыкіс жүргізу заңын жетілдіруге қосымшасептігін тигізеді деген пікірдеміз.

Э.Е. Мусенова: Возвращение уголовных дел для производство дополнительного расследования по УПК РК.

Статья посвящена исследованию понятия, структуры, значения уголовно-процессуального института доследования, дискуссионным вопросам, связанным с многочисленными изменениями его законодательной регламентации, сравнительно-правовому анализу норм УПК РК с уголовно-процессуальными кодексами с другими странами, а также судебной практике реализации норм данного института, на основе которых автор предлагает расширить основаниявозвращения дел на дополнительное расследование прокуроруи повыситьпроцессуальную активность суда.

Ключевые слова: досудебное производство, возвращение, уголовное дело, дополнительное расследование, прокурор, назначение главного судебного разбирательства, главное судебное разбирательство, активность суда.

E. Mussenova: Return of a Criminal Case For Additional Investigation According To the Criminal Procedure Code of the RK.

In the article the author researches definition, structure and significance of the procedural institute of additional investigation as well as discussion questions related to numerous changes in its legislative regulation. On the basis of the analysis of the implementation practice of the institute and comparative analysis of the legislation of foreign countries the author recommends to expand the grounds for return of a criminal case for additional investigation to prosecutor and to increase procedural activity of court.

Key words: pre-trial proceedings, return of criminal case, additional investigation, prosecutor, appointment of main trial, main trial, court activity.

¹⁷Ким К.В. Законодательная регламентация цели уголовного судопроизводства Республики Казахстан // Право и государство. №3 (60). 2013. С. 56-57.

¹⁸Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858> (20.02.2017).

Библиография:

1. Бекталиева А. Возвращение уголовных дел прокурору. URL: <https://www.zakon.kz/4795430-vozvraschenie-ugolovnykh-del-prokuroru> (20.02.2017).
2. Бойков А.Д., Андриющенко Т.И. Суд как субъект доказывания в уголовном процессе: автореф. дис. ...канд. юрид. наук. Ростов н/Д., 2012.
3. Ким К.В. Законодательная регламентация цели уголовного судопроизводства Республики Казахстан // Право и государство. №3 (60). 2013. С. 56-57.
4. Когамов М.Ч. Реформирование правоохранительных органов и правосудия по уголовным делам (фрагментарный анализ ретроспективы и перспективы развития в период 1991-2008 гг.). URL: www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/113-2009.pdf (20.02.2017).
5. Қоғамов М.Ч. Три актуальных вопроса уголовного процесса: проблемы возбуждения, дополнительного расследования, прекращения уголовного дела по нереабилитирующим основаниям // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса: Материалы международно-практической конференции. Астана. 2006 – 296 с.
6. Конин В.В. Институт возвращения уголовных дел для производства дополнительного расследования: прошлое и настоящее // Адвокат. 2012. № 9. С. 21-27.
7. Молдабаев С.С. Производство в суде первой инстанции. Учебно-практическое пособие. Алматы: «Юридическая литература». 2006. 362 с.
8. Насыров Г. Институт доследования как наследие репрессивного судопроизводства порочит правосудие. URL: www.library.ru/help/docs/n30593/12.doc (20.02.2017).
9. Попова И.П. Справедливое правосудие // Уголовное судопроизводство, № 2. 2016. С. 10-11.

References (transliterated):

1. Bektalieva A. Vozvrashchenie ugolovnykh del prokuroru. URL: <https://www.zakon.kz/4795430-vozvraschenie-ugolovnykh-del-prokuroru> (20.02.2017).
2. Bojkov A.D., Andriushchenko T.I. Sud kak sub'ekt dokazyvaniya v ugolovnom protsesse: avtoref. dis. ...kand. jurid. nauk. Rostov n/D., 2012.
3. Kim K.V. Zakonodatel'naja reglamentatsija tseli ugolovnogo sudoproizvodstva Respubliki Kazahstan // Pravo i gosudarstvo. № 3 (60). 2013. S. 56-57.
4. Kogamov M.Ch. Reformirovanie pravoohranitel'nykh organov i pravosudija po ugolovnym delam (fragmentarnyj analiz retrospektivy i perspektivy razvitija v period 1991-2008 gg.). URL: www.iz.adilet.gov.kz/sites/default/files/upload-files/113-2009.pdf (20.02.2017).
5. Қоғамов М.Ч. Три актуальных вопроса уголовного процесса: проблемы возбуждения, дополнительного расследования, прекращения уголовного дела по нереабилитирующим основаниям // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса: Материалы международно-практической конференции. Астана. 2006 – 296 с.
6. Konin V.V. Institut vozvrashchenija ugolovnykh del dlja proizvodstva dopolnitel'nogo rassledovaniya: proshloe i nastojashee // Advokat. 2012. № 9. S. 21-27.
7. Moldabaev S.S. Proizvodstvo v sude pervoj instantsii. Uchebno-prakticheskoe posobie. Almaty: «Juridicheskaja literatura». 2006. 362 s.
8. Nasyrov G. Institut dosledovaniya kak nasledie repressivnogo sudoproizvodstva porochit pravosudie. URL: www.library.ru/help/docs/n30593/12.doc (20.02.2017).
9. Popova I.P. Spravedlivoe pravosudie // Ugolovnoe sudoproizvodstvo, № 2. 2016. S. 10-11.